  - establishment of the fact of deviation from the State technical standards, supplying electrical and cable networks, supplying more power than provided by the manufacturer;
  - establishment of the fact of repair (attempt to repair) equipment independently or by unauthorized persons;
  - using of the product for industrial or commercial purposes.
5. The warranty card is invalid in the following cases:
  - incorrect or incomplete filling of the card by the store and the master;
  - absence of the sale date and the store stamp.
6. The manufacturer is not responsible for damage caused to people, animals and premises due to violation of safety regulations, transportation and operation of the device.
7. The warranty service does not cover installation, cleaning and maintenance of the device.



<p style="text-align: center;"><b>TEAR-OFF COUPON No 1 for warranty repair</b> automatic cordless kettle <b>KRAFT</b></p> <p>model _____ serial No _____</p> <p>Withdrawn « _____ » 20____ y.</p> <p>Executat _____ signature _____</p> <p>Type and content of the work performed _____</p> <p>Service department's name _____</p>	<p style="text-align: center;"><b>COUPON No 1 for warranty repair</b> automatic cordless kettle <b>KRAFT</b></p> <p>model _____</p> <p>serial No _____</p> <p>Sold by _____ (name and address of the commercial enterprise)</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p style="text-align: right;">tel: _____</p> <p>Date of sale « _____ » _____ y.</p> <p>Store stamp _____ (personal seller's signature)</p> <p>Service department's name and address*</p> <p>_____</p> <p>(* to be filled in by the commercial enterprise)</p> <p>_____</p> <p>_____</p>
<p style="text-align: center;"><b>TEAR-OFF COUPON No 2 for warranty repair</b> automatic cordless kettle <b>KRAFT</b></p> <p>model _____ serial No _____</p> <p>Withdrawn « _____ » 20____ y.</p> <p>Executat _____ signature _____</p> <p>Type and content of the work performed _____</p> <p>Service department's name _____</p>	<p style="text-align: center;"><b>COUPON No 2 for warranty repair</b> automatic cordless kettle <b>KRAFT</b></p> <p>model _____</p> <p>serial No _____</p> <p>Sold by _____ (name and address of the commercial enterprise)</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p style="text-align: right;">tel: _____</p> <p>Date of sale « _____ » _____ y.</p> <p>Store stamp _____ (personal seller's signature)</p> <p>Service department's name and address*</p> <p>_____</p> <p>(* to be filled in by the commercial enterprise)</p> <p>_____</p> <p>_____</p>

<p><b>Automatic cordless kettle KRAFT</b></p> <p><b>model</b> _____</p> <p><b>Serial No</b> _____</p> <p>Owner, his address _____</p> <p>_____</p> <p>Owner's phone _____</p> <p>Reason for failure (malfunction) _____</p> <p>_____</p> <p>Owner: _____</p> <p style="text-align: center;">signature</p> <p>Mechanic: _____</p> <p style="text-align: center;">Full name.</p> <p>Completed works: _____</p> <p>_____</p> <p>Date « _____ » _____ г.</p> <p>Mechanic: _____ Owner: _____</p> <p style="text-align: center;">signature signature</p> <p>Approve _____</p> <p style="text-align: center;">service company name and address</p> <p>_____</p> <p>_____ the position of the head of the company, Stamp signature that performed the service</p>	
<p><b>Automatic cordless kettle KRAFT</b></p> <p><b>model</b> _____</p> <p><b>Serial No</b> _____</p> <p>Owner, his address _____</p> <p>_____</p> <p>Owner's phone _____</p> <p>Reason for failure (malfunction) _____</p> <p>_____</p> <p>Owner: _____</p> <p style="text-align: center;">signature</p> <p>Mechanic: _____</p> <p style="text-align: center;">Full name.</p> <p>Completed works: _____</p> <p>_____</p> <p>Date « _____ » _____ г.</p> <p>Mechanic: _____ Owner: _____</p> <p style="text-align: center;">signature signature</p> <p>Approve _____</p> <p style="text-align: center;">service company name and address</p> <p>_____</p> <p>_____ the position of the head of the company, Stamp signature that performed the service</p>	

## ҚҰРМЕТТІ САТЫП АЛУШЫ!

Біздің өнімді — KRAFT маркалы электр тұрмыстық шәйнекті сатып алғаныңыз үшін алғыс айтамыз. Оны қолданар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Егер сіз осы бұйымды пайдалану процесінде қиындықтарға тап болсаңыз, бізбен хабарласыңыз.

**Сауда жасағаныңыз үшін рақмет!**

## МАЗМҰНЫ

---

ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ.....	24
АСПАПТЫҢ СИПАТТАМАСЫ .....	26
ПАЙДАЛАНУ .....	26
ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІП ҰСТАУ.....	27
КӘДЕГЕ ЖАРАТУ .....	28
ЕРЕКШЕЛІГІ / ЖИЫНТЫҚТАМАСЫ КЕПІЛДІК.....	29
ТАЛОНЫ .....	30



**Осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз!**

## ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін және шәйнекті дұрыс пайдалану үшін, пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, сонымен қатар аспапты тасымалдағаннан немесе сатқаннан кейін оны соңынан қайта оқып шығу үшін сақтап қойыңыз. Аспапты дұрыс тұтынбау оның сынуына және пайдаланушының денсаулығына залал немесе материалдық зиян тигізуіне алып келуі мүмкін.

**⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Бұл аспап тек тұрмыстық мақсатта пайдалануға арналған! Басқа сұйықтықтарды қайнату шәйнектің бұзылуына немесе бүлінуіне, пайдаланушыға зақым келтіруге немесе жарақат алуына әкелуі мүмкін.

**⚠ МАҢЫЗДЫ!** Өндіруші құралды дұрыс пайдаланбау немесе сақтық пен қауіпсіздік шараларын сақтамау салдарынан туындаған ақаулық үшін жауап бермейді.

- Шәйнекті қаптамадан шығарғанда оның бүтін екеніне және бүлінбегеніне көз жеткізіңіз. Қаптама материалдарын балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз. Қаптаманы кәдеге дұрыс жаратыңыз.
- Бұл аспап физикалық және ойлау мүмкіндіктері шектеулі адамдардың (соның ішінде 8 жасқа дейінгі балалардың), сондай-ақ өздерінің қауіпсіздігі үшін жауапты адамның қадағалауынсыз аспапты пайдалану жөніндегі білімі мен тәжірибесі жеткіліксіз адамдардың пайдалануына арналмаған. Балаларға аспап элементтерімен ойнауға болмайды. Құралды күтіп ұстау мен тазалауды балалар ересектердің қарауынсыз жүзеге асыра алмайды.
- Алғаш қосқан кезде (және әр) қосқан сайын) құралдың бүліну белгілерінің жоқ екеніне, көрсетілген техникалық сипаттамаларына, электр желісінің параметрлеріне сәйкестігін тексеріңіз.
- Егер аспап немесе электрмен қуаттандыру бауы бүлінген болса, еш жағдайда оны электр желісіне қоспаңыз. Бүлінгені туралы тауарды сатқан дүкенге хабарлаңыз, сараптама және жөндеу үшін сервис орталығына жүгініңіз. Аспапты өз бетіңізбен жөндеуге тырыспаңыз. Бұл жағдайда қаптаманы лақтырмаңыз.
- Шәйнекті бөлшектеу, жөндеу немесе оның конструкциясына қандай да бір өзгерістер енгізу қауіпті болуы мүмкін. Аспаптың электр сымдарының кез-келгені бүлінгенде электр тогына соғылуға, өртке немесе тұйықталуға әкелуі мүмкін. Ақаулар туындаған жағдайда шәйнектің моделін және пайда болған ақаулық түрін көрсете отырып, дереу авторландырылған сервис орталығына жүгініңіз. Жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануға болады. Білікті түрде жасалмаған жөндеу аспапқа берілетін кепілді қызмет көрсетудің күшін жояды.
- Егер сіз ұзақ уақытқа басқа жаққа кетуді жоспарласаңыз, шәйнекті электр желісінен ажыратып, ішін жақсылап жуыңыз.

### **⚡ ЭЛЕКТР ТОГЫНА СОҒЫЛУ ҚАУПІ**

- Шәйнек 220-240 В/50 Гц электр желісіне жерге қосылған және ток күші кемінде 10А болатын розетка арқылы қосылуы керек. Жерге қосу дұрыс орындалмағанда немесе

кернеу параметрлерінің ауытқуы 10%-дан асқан кезде құралдың тұрақсыз жұмысына немесе электр тогына соғылуға әкелуі мүмкін.

- Электрмен қоректендіру бауының ашасын құралды орнатқаннан кейін ғана розеткаға тығыңыз. Электрмен қуаттандыру ашасына еркін қол жеткізілетініне көз жеткізіңіз. Бұл ретте электрмен қуаттандыру кабелі ашасын дымқыл қолмен ұстауға болмайды. Ашаны әбден құрғатыңыз, оны шаңнан тазартып, розеткаға абайлап тығыңыз. Шаң, су немесе түйіспенің әлсіз болуы өрттің туындауына немесе электр тогына соғылуға әкелуі мүмкін.
- Орнын ауыстыру, қызмет көрсету немесе жөндеу кезінде шәйнек электр желісінен ажыратылуы тиіс. Өшіру үшін ашадан ұстаңыз, электрмен қоректендіру бауынан тартпаңыз және тартқыламаңыз.
- Электрмен қоректендіру бауы немесе розеткасы бүлінген құралды пайдаланбаңыз. Электрмен қоректендіру бауын бұрауға, майыстыруға немесе ұзартуға болмайды. Оның үстіне ауыр заттар қоймаңыз. Баудың заттың өткір шеттеріне және қызып тұрған заттарға тиіп кетпеуін қадағалаңыз.
- Шәйнекті көшеде пайдаланбаңыз, жаңбыр, ылғал, тіке түсетін күн көзінен және басқа да атмосфералық құбылыстардың әсерінен қорғаңыз, сондай-ақ ылғалдылығы жоғары бөлмелерде қоршаған орта температурасы 0С-тан төмен жерде сақтамаңыз. Аспапты дымқыл, сондай-ақ түтін, шаң және және тозақ түзілетін орындарға орнатпаңыз. Ешбір жағдайда оны дымқыл қолмен ұстамаңыз.
- Шәйнекке су толтырып, қақпағын мықтап жабыңыз, содан кейін қосыңыз. Қақпағы жабылмаған шәйнекті пайдаланбаңыз.
- Аспапты тегіс қатты еден бетіне қойыңыз.
- Шәйнектің үстіне су ағып тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Шәйнек бүлінуден, сондай-ақ су дұрыс толмаған кезде пайдаланудан қорғалған.
- Қыздырғыш элемент қатты ызған кезде қуат көзінен автоматты түрде ажыратылады.
- Шәйнек қайнаған кезде автоматты түрде өшеді. Сондай-ақ шәйнекті қайнағанға дейін "Қосу/ Өшіру" батырмасының көмегімен қолмен өшіруге болады.
- Қатты қайнап кетуден қорғау функциясы іске қосылған кезде шәйнекті электр желісінен ажыратып, содан кейін ішіне салқын су құйыңыз.
- Алғашқы қайнап шыққан суды төгіп тастаңыз. Енді аспап пайдалануға дайын.




### ӨРТ ҚАУІПТІЛІГІ

- Шәйнекті қосу үшін бөлек розетканы пайдалану керек. Бірнеше аспап үшін бір розетканы пайдалану тұтанудың туындауына әкелуі мүмкін.
- Электрмен қоректендіру бауының ашасы бүлінбегеніне және майыспағанына көз жеткізіңіз. Жарамсыз аша қызып, өрттің пайда болуына себеп болуы мүмкін. Аспапты қосу үшін адаптерлерді, ұзартқыштарды және "үштіктерді" пайдаланбаңыз. Егер Сіз сымның күйген иісін сезсеңіз, тарату қалқанындағы электрмен қуаттандырғышты айырып, ашаны розеткадан суырыңыз және сервис орталығына жүгініңіз.
- Күйіп қалмас үшін және тұтануына жол бермеу үшін шәйнектің қызып тұрған бөліктеріне қолыңызды және заттарды тигізіп алмаңыз.
- Шәйнекті жылу көздерінен және жылыту аспаптарынан алысқа орнатыңыз, тұтанғыш заттардан сақ болыңыз.

### ! БҮЛІНУ ҚАУПІ

- Шәйнекті суды жылыту және қайнату үшін ғана пайдаланыңыз.
- Шәйнекті максималды немесе минималды белгіден асыра немесе жеткізбей толтырмаңыз. Қайнаған кезде артық су төгілуі мүмкін.
- Шәйнектің ыстық бетіне қол тигізбеңіз, сақ болыңыз және қайнаған суды құйған кезде шүмектің астынан және әсіресе қақпақтың астынан шыққан ыстық буға күйіп қалмаңыз.
- Бұл аспапты бірге жеткізілетін тұтабанымен бірге пайдаланыңыз.

## АСПАПТЫҢ СИПАТТАМАСЫ



## ПАЙДАЛАНУ

### СУ ТОЛТЫРУ

- Қақпақты ашып, шәйнекке су құйыңыз.
- MIN белгісіне жеткізбей су құймаңыз,
- MAX белгісінен асыра толтырмаңыз.
- Толтырғаннан кейін қақпақты мықтап жабыңыз.

### ҚОСУ

- Электрмен қоректендіру розеткасына жалғаңыз.
- Қайнату процесін бастау үшін "Қосу/өшіру" ауыстырғышын басыңыз.

### СУДЫ ҚАЙНАТУ

- Шәйнекке суды Min (0,5 л) және Max (1,7 л) белгілері арасындағы деңгейге дейін құйыңыз. Шәйнек қақпағын жабыңыз және оны тұғырға орнатыңыз.
- Шәйнекті қуат көзіне қосыңыз.
- «Қосу» батырмасын басыңыз. Жұмыстың басталғаны туралы хабарлайтын дыбыстық сигнал естіледі.
- Су қайнағаннан кейін, шәйнек бірқатар дыбыстық сигнал береді және автоматты түрде сөнеді.

**⚠ МАҢЫЗДЫ! Шәйнекті автоматты түрде сөнгеннен кейін 15-20 секундтан ерте қоспаңыз.**

#### **ӨШІРУ**

- Су қайнағаннан кейін аспап автоматты түрде өшеді. Ауыстырғыш "Өшіру" күйінде болады.
- Сіз кез-келген уақытта шәйнекті қолмен өшіре аласыз

## **ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІП ҰСТАУ**

---

Шәйнекті электр желісінен ажыратыңыз. Шәйнектің салқындағанына көз жеткізіңіз. Шәйнектің сыртқы бетін таза, жұмсақ, дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Аспаптың корпусына зақым келтірмеу үшін абразивті немесе жебір тазартқыштар мен қатты металл қырғыштарды пайдаланбаңыз. Кермек су шәйнектің ішіне қақ тұрғызуы мүмкін. Қақтан тазарту үшін қақ кетіруге арналған арнайы құралдарды пайдаланыңыз. Арнайы тазартқыш заттарды қолданған кезде оларды пайдалану жөніндегі нұсқауларды орындаңыз.

**⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Шәйнектің қолданылу мерзімін ұзарту үшін қақ тұрған кезде, оны тазартып отырыңыз.**

#### **ШӘЙНЕКТІ ТОТТАН ТАЗARTY**

- Бірнеше қайнатудан кейін шәйнектің түбінде тот пайда болуы мүмкін — бұл темір мөлшері жоғары суды қолданудың нәтижесі. Бұл қақ шәйнек түбіндегі металдың тотығуы емес, бұл судан шәйнектің түбіне түскен тот. Ол әдетте кішкентай дақтар түрінде шөгеді.
- Тоттың пайда болуына жол бермеу үшін сүзілген суды қайнату керек немесе оларды қатты щеткамен үнемі механикалық түрде тазартып отыру керек.
- Тот қарапайым ыдыс жуатын губканың қатты жағымен оңай тазаланады. Оны лимон қышқылымен де кетіруге болады. Осы процедурадан кейін шәйнектің ішін таза сумен шайыңыз, содан кейін түбін құрғатып сүртіңіз және металл бетінде қорғаныш қабатын қалыптастыру үшін бірнеше сағатқа қалдырыңыз.

**⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Егер сіз шәйнектің түбінен тотты уақтылы тазаламасаңыз, ол шәйнектің түбіндегі металмен реакцияға түсуі мүмкін және оны тазарту қиын болады.**

#### **ШАЙНЕКТІ ҚАҚТАН ТАЗARTY**

- Шәйнекті «МАХ» белгісіне дейін бір бөлігі кәдімгі сірке судан, екі бөлігі судан тұратын қоспамен толтырыңыз.
- Құрылғыны қосыңыз және ол автоматты түрде сөнгенше күтіңіз.
- Қоспаны шәйнекке түні бойы қалдырыңыз.
- Келесі күні таңертең қоспаны төгіңіз.
- Шәйнекті «МАХ» белгісіне дейін таза сумен толтырып, қайтадан қайнатыңыз.
- Қалған қақ пен сірке суды кетіру үшін қайнаған суды төгіңіз.
- Шәйнектің ішін таза сумен шайыңыз, содан кейін түбін құрғатып сүртіңіз және ме-

талл бетінде қорғаныш қабығын қалыптастыру үшін бірнеше сағатқа қалдырыңыз.

**!** **МАҢЫЗДЫ!** Шәйнек пен тұғыр корпусын үнемі дымқыл, содан кейін құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Қызмет көрсетер алдында тұғырды электрлік қуат беру желісінен ажыратыңыз. Шәйнекті құрғақ және салқын жерде, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

## КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

---



Шәйнек кәдеге жаратуға және қайта пайдалануға болатындай етіп жобаланып, жоғары сапалы материалдар мен компоненттерден жасалған. Бұл аспапты қарапайым тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болмайды. Денсаулық пен қоршаған ортаға тигізетін ықтимал қаупіне жол бермес үшін, аспап электр жабдығын кәдеге жаратудың бекітілген процесі шеңберінде кәдеге жаратылуы тиіс. Өнімді кәдеге жарату рәсімі жергілікті экологиялық нормаларға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Сіз уәкілетті бөлімшелерден өнімді кәдеге жарату және қайта пайдалану туралы толығырақ ақпарат ала аласыз.

**ЕРЕКШЕЛІГІ / ЖИЫНТЫҚТАМАСЫ**

<b>Моделі</b>	<b>KF-KPS1765W</b>
Көлемі (л)	1,7
Қуаты (Вт)	2200
Кернеу (В) / Ток жиілігі (Гц)	220-240 / 50
Автоматты түрде өшіру	Иә
360 бұрылу мүмкіндігі	Иә
Сусыз қосылудан қорғалған	Иә
Бақылағыш	LIANGJI
Тот баспайтын болаттан жасалған жасырын қыздыру элементі	Иә
Шүмектегі нейлон сүзгісі	-
Электрмен қоректендіру бауының ұзындығы (м)	0,75
Материал корпуса/ корпус материалы	Қос корпус. сыртында пластик, ішінде тот баспайтын болат
Түсі	ақ
Нетто /брутто салмағы (кг)	0,97 / 1,14
Қаптамасыз габариті (ЕхСхБ) (мм)	250x215x170

\* Өндіруші мен импорттаушы тұтынушыға алдын ала ескертусіз тауардың дизайнын, техникалық сипаттамаларын, функцияларын, сыртқы түрін және конфигурациясын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

\* Нұсқаулықта берілген конфигурацияға, техникалық сипаттамаларға, функциялар мен түстерге қатысты барлық ақпарат тек ақпараттық сипатта болады және ешқандай жағдайда жария офферта болып табылмайды.

## КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

Сату күні

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_\_\_ жыл.

Дүкеннің мөртаңбасы

*Сату кезінде сатушы кепілдік талондарын толтыруға міндетті. Шығарылған күні мен сериялық нөмірі қаптамада және тауардың артқы жағында көрсетілген.*

Дайындаушының кепілдік міндеттемелері тек KRAFT сауда белгісінің электр тұрмыстық шәйнектері үшін жарамды. **Кепілдік мерзімі сатып алынған күннен бастап 1 жылды құрайды. Бұйымның қызмет ету мерзімі — 3 жыл.**

Авторландырылған сервис орталықтары турал ақпарат <http://kraftltd.com> сайтында немесе +7 (800) 200-79-97 қолдау қызметінің тегін телефон байланысы арқылы қолжетімді. KRAFT өніміне қатысты сұрақтар немесе мәселелер туындаған жағдайда, келесі мекенжай бойынша жазбаша хабарласуыңызды сұраймыз: «ЛЕБЕДИНСКИЙ ТОР-ГОВЫЙ ДОМ» ЖАҚ, Днепропетровская к-сі, 50 В, Ростов-на-Дону қ., 344093, Ресей, немесе электрондық пошта: [service@lbtld.com](mailto:service@lbtld.com).

1. Дайындаушы Сатып алушы кепілдікпен қызмет көрсету ережелері мен шарттарын сақтаған жағдайда кепілді пайдалану мерзімі ішінде зауыттық ақауларды немесе техникалық ақауларды тегін жоюға кепілдік береді. Тауардың сыртқы түріне қатысты барлық шағымдарыңызды Сатушыға айтыңыздар. Тауарды сатып алғаннан кейін барлық сыртқы ақаулары үшін жауапкершілік тұтынушыға жүктеледі.
2. Кепілдік коммерциялық емес жеке, отбасылық немесе үй мақсаттарында қолданылатын бұйымдарға ғана қолданылады. Олай болмаған жағдайда кепілдік мерзімі сатып алынған сәттен бастап 3 айды құрайды.
3. Сатып алушы заңнамамен белгіленген мерзімде бұйым сапасына техникалық сараптама жүргізу құқығын өзіне қалдырады.
4. Кепілдік жөндеу келесі жағдайларда жүргізілмейді:
  - кепілдік талонының жарамсыздығы;
  - пайдаланушының немесе сатушы ұйымның бұйымды пайдалану, орнату және тасымалдау қағидаларын бұза отырып, техниканы дұрыс пайдаланбауы нәтижесінде пайда болған бұзылулар мен ақаулықтар болуы;
  - үшінші тұлғалардың немесе бой бермейтін күштің әсері, ішіне бөгде заттардың және шыбын-шіркейлердің кіруі, жануарлардың аспапты бүлдіруі нәтижесінде бұзылулар мен ақаулықтардың болуы;
  - қуат беруші электрлік және кабельдік желілердің Мемлекеттік техникалық стандарттардан ауытқу фактісін анықтау, шығарушы қарастырғаннан көп қуатты беру;
  - техникалық тұрғыда өз бетімен немесе бөгде адамдардың жөндеу жүргізу (жөндеуге тырысу) фактісінің анықталуы;
  - өнеркәсіптік немесе коммерциялық мақсаттарда бұйымды пайдалану.
5. Кепілдік талоны келесі жағдайларда жарамсыз:
  - дүкеннің және шебердің талонды дұрыс немесе толық толтырмауы;
  - сатылған күнінің және дүкен мөртаңбасының болмауы.
6. Шығарушы қауіпсіздік техникасы, аспапты тасымалдау және пайдалану қағидаларын сақтамау себебінен адамдар мен жануарларға және орынжайларға келтірілген залал үшін жауапкершілік алмайды.
7. Кепілдік қызмет көрсету аспапты орнатуға, тазалауға және оны күтуге қолданылмайды.

<p style="text-align: center;"><b>KRAFT электр тұрмыстық шәйнегін кепілдікпен жөндеу үшін берілетін 1 талон</b></p> <p>моделі _____ сериялық № _____</p> <p>Алынды « _____ » _____ 20 _____ жыл</p> <p>Орындаушы _____ қолы _____</p> <p>Т.А.Ә. _____</p> <p>Орындалған жұмыстардың түрі мен мазмұны _____</p> <p>Сервистік қызметтің атауы _____</p>	<p style="text-align: center;"><b>KRAFT электр тұрмыстық шәйнегін кепілдікпен жөндеу үшін берілетін № 1 талон</b></p> <p>моделі _____</p> <p>сериялық № _____</p> <p>Сатылды _____</p> <p style="text-align: center;">(сауда кәсіпорнының атауы мен мекенжайы)</p> <p>_____</p> <p>_____ тел: _____</p> <p>Сатылған күні « _____ » _____ жыл.</p> <p>Дүкен мәртабаны _____</p> <p style="text-align: center;">(сатушының өз қолы)</p> <p>Сервистік кәсіпорынның атауы және мекенжайы*</p> <p style="text-align: center;">(* сауда кәсіпорны толтырады)</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p style="text-align: center;">Кесу сызығы</p>
<p style="text-align: center;"><b>KRAFT электр тұрмыстық шәйнегін кепілдікпен жөндеу үшін берілетін 1 талон</b></p> <p>моделі _____ сериялық № _____</p> <p>Алынды « _____ » _____ 20 _____ жыл</p> <p>Орындаушы _____ қолы _____</p> <p>Т.А.Ә. _____</p> <p>Орындалған жұмыстардың түрі мен мазмұны _____</p> <p>Сервистік қызметтің атауы _____</p>	<p style="text-align: center;"><b>KRAFT электр тұрмыстық шәйнегін кепілдікпен жөндеу үшін берілетін № 2 талон</b></p> <p>моделі _____</p> <p>сериялық № _____</p> <p>Сатылды _____</p> <p style="text-align: center;">(сауда кәсіпорнының атауы мен мекенжайы)</p> <p>_____</p> <p>_____ тел: _____</p> <p>Сатылған күні « _____ » _____ жыл.</p> <p>Дүкен мәртабаны _____</p> <p style="text-align: center;">(сатушының өз қолы)</p> <p>Сервистік кәсіпорынның атауы және мекенжайы*</p> <p style="text-align: center;">(* сауда кәсіпорны толтырады)</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p style="text-align: center;">Кесу сызығы</p>

<p><b>KRAFT электр тұрмыстық шәйнегі</b>  <b>моделі</b> _____  <b>сериялық №</b> _____                  Иесі, оның мекенжайы _____                  _____                  _____                  Иесінің телефоны _____                  Сынып қалу (жарамсыз болу) себебі _____                  _____                  _____                  Қару иесі: _____                  қолы _____                  Механик: _____                  Т.А.Ә. _____                  Орындалған жұмыстар: _____                  _____                  Күні « _____ » _____ жыл                  Механик: _____ Иесі: _____                  қолы қолы _____                  Бекітемін _____                  сервистік кәсіпорынның атауы және мекенжайы _____                  _____                  қызмет көрсеткен кәсіпорын, Мөр орны(МӨ) қолы                  басшысының лауазымы</p>	
<p><b>KRAFT электр тұрмыстық шәйнегі</b>  <b>моделі</b> _____  <b>сериялық №</b> _____                  Иесі, оның мекенжайы _____                  _____                  _____                  Иесінің телефоны _____                  Сынып қалу (жарамсыз болу) себебі _____                  _____                  _____                  Қару иесі: _____                  қолы _____                  Механик: _____                  Т.А.Ә. _____                  Орындалған жұмыстар: _____                  _____                  Күні « _____ » _____ жыл                  Механик: _____ Иесі: _____                  қолы қолы _____                  Бекітемін _____                  сервистік кәсіпорынның атауы және мекенжайы _____                  _____                  қызмет көрсеткен кәсіпорын, Мөр орны(МӨ) қолы                  басшысының лауазымы выполнившего обслуживание</p>	

\* Изготовитель оставляет за собой право вносить изменения конструкций, технических характеристик, внешнего вида, комплектации товара, не ухудшающие его потребительских качеств, без предварительного уведомления потребителя.

Вся представленная в руководстве информация, касающаяся комплектации, технических характеристик, функций и цветовых решений, носит сугубо информационный характер и ни при каких условиях не является публичной офертой.

\* The manufacturer reserves the right to change designs, specifications, appearance, configuration of the product without impairing its consumer qualities, without prior notice to the customer.

All information provided in the manual concerning the configuration, technical characteristics, functions, and colors is purely informational in nature and under no circumstances is a public offer.

\* Шығарушы мен импорттаушы тауардың құрылысына, техникалық сипаттарына, функцияларына, сыртқы түріне және жиынтықталуына аспаптың тұтынушылық сапаларын нашарлатпайтын өзгертулерді алдын ала хабарламай енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Жиынтықтылыққа, техникалық сипаттамаларға, функцияларына және түсіне қатысты нұсқаулықта көрсетілген барлық ақпарат тек ақпараттық сипатқа ие және ешбір жағдайда жария оферт болып табылмайды.

**Manufacturer:**

NINGBO GOODFRIENDS  
ELECTRIC APPLIANCE CO.,LTD.  
Address: No.1338 West tanjialing  
Road,Yuyao, Zhejiang, China.

**Importer:**

ZAO LEBEDINSKIY TORGOVIY  
DOM.  
Address: No. 50 V,  
Dnepropetrovskaya Str., Rostov-  
on-Don, PC 344093, Russia.  
Tel.: +7 800 200 79 97

**Made in China****Изготовитель:**

НИНГБО ГУДФРЕНДС  
ЭЛЕКТРИК ЭПЛАЭНС КО., ЛТД.  
Адрес: Вест танжиалинг Род  
1338, Юйяо, Чжэцзян, Китай.

**Импортер:**

ЗАО «ЛЕБЕДИНСКИЙ  
ТОРГОВЫЙ ДОМ»  
Адрес: ул. Днепропетровская,  
50 В, г. Ростов-на-Дону, 344093,  
Россия.  
Тел.: +7 800 200 79 97

**Сделано в Китае****Өндіруші:**

НИНГБО ГУДФРЕНДС  
ЭЛЕКТРИК ЭПЛАЭНС КО., ЛТД.  
Мекенжайы: Вест танжиалинг  
Род 1338, Юйяо, Чжэцзян,  
Қытай.

**Импорттаушы:**

«ЛЕБЕДИНСКИЙ ТОРГОВЫЙ  
ДОМ» ЖАҚ,  
Мекенжайы: Днепропетровс-  
кая көшесі, 50 В, Дондағы  
Ростов қ., 344093, Ресей.  
Тел.: +7 800 200 79 97

**Қытай жасалған**





[WWW.KRAFTLTD.COM](http://WWW.KRAFTLTD.COM)



**Телефон службы поддержки клиентов**

**Phone customer service**

**Клиенттерді қолдау қызметінің телефоны**

**+7 800 200 79 97**

